

**Сәулет, қала құрылысы және құрылыс
саласындағы мемлекеттік нормативтер**

**Государственные нормативы в области
архитектуры, градостроительства и строительства**

**Бұрғылау-шнек машиналарымен болат құбырларды
траншеясыз төсеу жөніндегі жұмыстар өндірісінің**

ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ КАРТАСЫ

ТЕХНОЛОГИЧЕСКАЯ КАРТА

**производства работ по бестраншейной прокладке
стальных футляров буровыми машинами**

ТК 4.01-06-2011

**Ресми басылым
Издание официальное**

**Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын
үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі**

**Агентство Республики Казахстан по делам строительства
и жилищно-коммунального хозяйства**

Астана 2011

ТК 4.01-06-2011. Технологиялық карта
ТК 4.01-06-2011. Технологическая карта

Алғы сөз

- 1. ӘЗІРЛЕГЕН** «ҚазҒЗСТҚСИ» РМК және ОАО «ОРГСТРОЙ»
- 2. ҰСЫНҒАН** ҚР Құрылыс және ТКШ істері агенттігінің Ғылыми-техникалық саясат және нормалау департаменті
- 3. ҚАБЫЛДАҒАН ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН МЕРЗІМІ** ҚР Құрылыс және ТКШ істері агенттігінің 29.12.2011 жылғы №536 бұйрығымен 01.05.2012 жылдан бастап
- 4. ОРНЫНА** алғашқы рет

Предисловие

- 1. РАЗРАБОТАНЫ** РГП «КазНИИССА» и ОАО «ОРГСТРОЙ»
- 2. ПРЕДСТАВЛЕНЫ** Департаментом научно-технической политики и нормирования Агентства Республики Казахстан по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства
- 3. ПРИНЯТЫ И ВВЕДЕНЫ В ДЕЙСТВИЕ** Приказом Агентства РК по делам строительства и ЖКХ от 29.12.2011 года №536 с 01.05.2012 года
- 4. ВЗАМЕН** впервые

Осы мемлекеттік нормативті ҚР сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі Уәкілетті мемлекеттік органының рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара басуға, көбейтуге және таратуға болмайды.

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения Уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства РК.

Мазмұны

1 Қолданылу саласы.....	1
2 Нормативтік сілтемелер	1
3 Жалпы ережелер.....	2
4 Қолданылатын негізгі материалдар мен бұйымдардың сипаттамалары	3
5 Жұмыстар өндірісін ұйымдастыру және оның технологиясы.....	7
6 Материалдық техникалық ресурстардың қажеттілігі.....	19
7 Жұмыстың сапасына қойылатын талаптар.....	22
8 Қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау	25
9 Еңбек шығындарын калькуляциясы.....	30

**БЕЛГІ ҮШІН
ДЛЯ ЗАМЕТОК**

БҰРҒЫЛАУ-ШНЕК МАШИНАЛАРЫМЕН БОЛАТ ҚҰБЫРЛАРДЫ ТРАНШЕЯСЫЗ ТӨСЕУ ЖӨНІНДЕГІ ЖҰМЫСТАР ӨНДІРІСІНІҢ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ КАРТАСЫ

Енгізілген мерзім 2012.05.01

1 Қолданылу саласы

1.1 Бұрғылау-шнек машиналарымен болат футлярларды траншеясыз төсеу жөніндегі жұмыстар өндірісінің технологиялық картасы Қазақстан Республикасының құрылыс объектілерінде қолдануға арналған қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттардың (НТҚ) талаптарына сәйкес әзірленген.

1.2 Технологиялық карта құрылыс жұмыстарын ұйымдастыру, олардың технологиясы мен механикаландырылуы жөніндегі ұтымды шешімдермен құрылысты қамтамасыз етуге арналған.

1.3 Технологиялық картада:

- қолданылу саласы;
- нормативтік сілтемелер;
- қолданылатын негізгі материалдар мен бұйымдардың сипаттамалары;
- жұмыстар өндірісінің ұйымдастырылуы мен технологиясы;
- материалдық-техникалық ресурстарға қажеттілік;
- жұмыстардың сапасына қойылатын талаптар;
- қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау;
- еңбек шығындарын калькуляциясы.

1.4 Технологиялық картадағы еңбек режимі жұмыс орны ұтымды ұйымдастырылған, еңбекті бөлуді ескере отырып, бригада жұмысшылары арасында міндеттер нақты бөлінген, жетілдірілген құрал мен мүкәммал пайдаланылған жағдайда еңбек процестерін орындаудың оңтайды қарқынының шарттарын негізге ала отырып қабылданды.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы технологиялық картада мынадай нормативтік-техникалық құжаттарға сілтеме жасалған

ҚР ТЖМ 21.10.2011 жылғы №245 бұйрығымен бекітілген жүк көтергіш крандарды орнату және қауіпсіз пайдалану жөніндегі өндірістік қауіпсіздік талаптары.

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің 8.02.2006 ж. № 35 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы өрт қауіпсіздігі қағидалары

ҚР ҚНжЕ 1.03-05-2001	Құрылыстағы еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы.
ҚР ҚНжЕ 1.03-06-2002*	Құрылыс өндірісі. Кәсіпорындарды, ғимараттар мен құрылыстарды салуды ұйымдастыру, 2006 ж. шығ.
ҚР ҚНжЕ 2.02-05-2009	Ғимараттар мен құрылыстардың өрт қауіпсіздігі.
ҚР ҚНжЕ 3.02.01-87	Жердегі құрылыстар, негіздер мен іргетастар.
ҚР ҚНжЕ 3.05.04-85	Сумен жабдықтаудың және кәріздің сыртқы желілері мен құрылыстары, 1990 ж. шығ.
ҚР ҚНжЕ 5.03-37-2005	Тірек және қоршау конструкциялары.
МСТ 12.1.004-91	ЕҚСЖ. Өрт қауіпсіздігі. Жалпы талаптар.
МСТ 12.1.013-78	ЕҚСЖ. Электр қауіпсіздігі. Жалпы талаптар.

МСТ 12.1.046-2002	Құрылыс. Құрылыс алаңдарын жарықтандыру нормалары.
МСТ 12.4.059-89	ЕҚСЖ. Құрылыс. Мүкәммалды қорғау қоршауы. Жалпы техникалық шарттар.
МСТ 12.4.087-84	ЕҚСЖ. Құрылыс. Құрылыс каскалары. Техникалық шарттар.
МСТ 12.4.089-86	ЕҚСЖ. Құрылыс. Қорғау белдіктері. Жалпы техникалық шарттар.
МСТ 10706-76	Электрмен дәнекерленген тік тігісті болат құбырлар. Техникалық шарттар.
МСТ 23407-78	Құрылыс алаңдары мен құрылыс-монтаж жұмыстары жүргізілетін учаскелердің мүкәммалын қорғау. Техникалық шарттар.
МСТ 25573-82	Құрылысқа арналған жүк көтергіш арқандар. Техникалық шарттар.
МСТ 26433.2-94	Құрылыстағы геометриялық параметрлердің дәлдігін қамтамасыз ету жүйесі. Ғимараттар мен құрылыстардың параметрлерін өлшеуді орындау қағидалары.
МСТ 26887-86	Құрылыс-монтаж жұмыстарына арналған алаңдар мен алаңқайлар. Жалпы техникалық шарттар.

Қазақстан Республикасының құрылыс нормалары. Құрылыс, монтаж және жөндеу-құрылыс жұмыстарына арналған бірыңғай нормалар мен бағалар:

Е 22 жинағы. Дәнекерлеу жұмыстары, 2-шығарылым, Құбыржолдар
ЭОҚ Электр қондырғыларды орнату қағидалары (Алматы, 2008)

Осы Технологиялық картаны Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын, ағымдағы жылдың 1 қаңтарына жасалған Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы нормативтік-құқықтық актілер мен нормативтік-техникалық құжаттардың тізбесі бойынша НҚА мен НТҚ, сондай-ақ ағымдағы жылы жарияланған тиісті ақпараттық көрсеткіштер бойынша НҚА мен НТҚ қолданысын тексеру қажет.

Егер сілтеме жасалған НҚА мен НТҚ ауыстырылған (өзгертілген) болса, онда осы технологиялық картаны қолдану кезінде ауыстырылған (өзгертілген) НҚА мен НТҚ басшылыққа алған жөн.

Егер сілтеме жасалған НҚА мен НТҚ ауыстырылмай, күші жойылған болса, онда оларға сілтеме жасалған ереже осы сілтемені қозғамайтын бөлігінде қолданылады.

3 Жалпы ережелер

3.1 Осы технологиялық картада ВМ 400LS үлгісіндегі бұрғылау-шнек қондырғыларымен болат футлярларды траншеясыз төсеу процесі қаралады.

3.2 Шнекпен бұрғылау әдісі құбыржолдарды старттық шұңқырдан іске қосылатын, айналып тұратын шнек құралымен жабдықталған бұрғылау-шнек қондырғысының көмегімен қазылған топырақты шығара отырып төсеудің траншеясыз технологиясы болып табылады.

ВМ 400LS үлгісіндегі бұрғылау-шнек қондырғысы жолдың ұзындығы 70 м болғанда диаметрі 219 мм-ден 820 мм-ге дейінгі болаттан жасалған қорғаныш футлярды төсеуге мүмкіндік береді.

3.3 Жұмыстарды жүргізудің шарттары мен ерекшеліктері:

- ВМ 400LS үлгісіндегі бұрғылау-шнек машинасын пайдалана отырып, болат

футлярларды траншеясыз төсеу жұмыстарды жүргізу жобасына (ЖЖЖ), жобаның жұмыс сызбаларына, машинаны пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа және осы технологиялық картаға қатаң сәйкестікте орындау;

- старттық шұңқырдан қабылдаушы шұңқырға дейін пилоттық бұрғылау жөніндегі жұмыстар, ішкі топырақты шнек механизмімен шығара отырып, жұмыс футлярын итеру процесі үзіліссіз процесс ретінде қаралады.

- футлярды орналастыру тереңдігі жобалық құжаттамаға сәйкес қабылданады;

- жұмыс орындарының жарықтандырылуы МСТ 12.1.046 талаптарына сәйкес келуге тиіс.

3.4 Технологиялық картада қаралатын жұмыстар құрамына мыналар кіреді:

а) дайындық жұмыстары;

б) негізгі жұмыстар:

- жабдықты монтаждау;

- пилоттық бұрғылау;

- ВМ 400LS үлгісіндегі бұрғылау-шнек қондырғысымен болат футляр төсеу;

- шнек колоннасын бұзу;

- жабдықты бұзу;

в) қорытынды жұмыстар.

3.5 Бұрғылау-шнек машиналарымен болат футлярларды траншеясыз төсеу жөніндегі жұмыстар өндірісінің технологиялық картасы Бұрғылау-шнек машиналарымен болат футлярларды траншеясыз төсеу жөніндегі жұмыстар өндірісінің технологиялық картасы ҚР ҚНЖЕ 1.03-05, ҚР ҚНЖЕ 1.03-06, ҚР ҚНЖЕ 3.05.04, ҚР ҚНЖЕ 5.03-37, қолданыстағы басқа НТҚ мен осы технологиялық картаның 2.3-тармағының талаптары орындалған кезде жұмыстарды бір-екі ауысымда орындауды көздейді.

3.6 Осы технологиялық картада қабылдау және жұмыс шұңқырларын белгілеу кезіндегі жер қазу жұмыстары, қондырғыны орналастыру үшін құрылыс алаңын жоспарлау, түбі мен тірек қабырға плиталарын монтаждау қаралмайды.

3.7 Технологиялық картаны нақты объектілер мен жұмыстар жүргізу шарттарына байланыстыру жұмыс көлемін нақтылаудан, еңбек және материалдық-техникалық ресурстарға, механикаландыру құралдарына деген қажеттілік деректерінен, сапаны, қауіпсіздік техникасын және еңбекті қорғауды бақылау жөніндегі іс-шараларды түзетуден тұрады.

4 Қолданылатын негізгі материалдар мен бұйымдардың сипаттамалары

Бұрғылау-шнек машинасын пайдалана отырып, болат футлярларды траншеясыз төсеу кезінде төмендегідей материалдар мен механизмдер қолданылады:

4.1 Болат құбырлар

ВМ 400LS үлгісіндегі бұрғылау-шнек машинасын пайдалана отырып, болат футлярларды траншеясыз төсеу үшін ұзындығы 1,5 м электрмен тігінен жапсырыла дәнекерленген құбырлар тобы пайдаланылады.

Құбырлар тізбегі лекпен дайындалып (кесіліп), жеткізіледі. Әрбір лектің құбырларының мөлшері бірдей, болаттың бір маркасынан және бір топта жасалған болуға тиіс әрі әрбір лек сапа туралы құжаттармен сүйемелденуге тиіс.

Құбырлардың тізбектері осы көлік түрінде қолданылатын Жүк тасымалдау қағидаларына сәйкес автомобиль көлігімен тасымалданады.

Құбырлар көлік құралдарына олардың орнықты жай-күйі мен тірелуі қамтамасыз етілетіндей етіп салынады.

Құбырлардың тізбектерін түсіру жүк көтергіштігі 10 т болатын автомобиль кранымен жүзеге асырылады. Түсіру үшін құбырларға арналған арнайы қысқыш пайдаланылады.

Құбырларды сақтау объектінің жанындағы қоймада қалқалардың астына орналастырылған құбырларды жинауға арналған стеллаждарда жүзеге асырылады. Құбырлардың тізбектері арасына биіктігі 3,0 м-ден аспайтын бір-екі қатар ағаш төсемдері салынып, қатар-қатар етіп төселеді. Үстіңгі қатарларының домалап түсуін болдырмау үшін металл тіректер көзделеді.

Объект жанындағы қойма аумағы топырағының дымқыл болмағаны жөн. Қойманың беті атмосфералық судың ағып кетуі үшін $1,5-2^{\circ}$ еңіс болуға тиіс. Көлік және жүк көтеру құралдары үшін қоймаларда ені кемінде 3,5 м болатын бойлық немесе айналма жолдар болуға тиіс.


Құбырлардың тізбектерін тасымалдау, тиеу-түсіру жұмыстарын орындау кезінде құбырлардың майысуына, сынуына және олардың шетінің зақымдануына жол берілмеуге тиіс.

Құбырлардың тізбектерін арқандау схемасы 1-суретте келтірілген.

Құбырлардың тізбектерін жинақтау схемасы 2-суретте келтірілген.


4.2 Қолмен доғалап дәнекерлеуге арналған электродтар

Қолмен доғалап дәнекерлеу үшін үлгісі жобалық құжаттамада келтірілген электродтар қолданылады (дәнекерленетін элементтердегі болаттың маркасына және футляр тізбектері қабырғасының қалыңдығына байланысты).



1 – болат құбыр; 2 – құбырларға арналған арнайы қысқыш

1-сурет – Құбырлардың тізбектерін арқандау схемасы



2-сурет – Құбырлардың тізбектерін жинау схемасы

Электродтардың әрбір легі сапа сертификатымен сүйемелденуге тиіс.

Электродтар мынадай талаптарға сай болуға тиіс:

- доғасы тез тұтанып, біркелкі жануға тиіс;
- жабын біркелкі балқып, шамадан тыс шашырату, кезектердің бөлінуі және электродтың қалыпты балқуына кедергі келтіретіндей қаптың немесе күнқағардың пайда болуын болдырмауға тиіс;
- дәнекерлеу кезінде пайда болатын қож тігіс білікшелерінің дұрыс қалыптасуын қамтамасыз етіп, суыған соң оңай алынып тасталуға тиіс.

Электродтар ауа температурасы кемінде плюс 18 °С болатын, жылытылатын үй-жайда маркалары мен лектері бойынша бөлек-бөлек сақталуға тиіс.

Қолданар алдында электродтарды қаптамасында көрсетілген режим бойынша кептіріп алу қажет (арнайы шкафта қыздыру). Қыздырғаннан кейін электродтарды бес тәулік ішінде пайдаланған жөн.

Электродтарды қаптау, таңбалау, тасымалдау және сақтау НТҚ талаптарына сәйкес болуға тиіс.

Электродтар нақты көлік түрінде қолданылатын Тасымалдау қағидаларына сәйкес шанағы жабық автокөлікпен тасымалданады.

Электродтар жұмыс орнына тек қыздырылған күйде, бір ауысымның жұмысы үшін қажетті көлемде ғана беріледі.

4.3 Болат футлярларды траншеясыз төсеу үшін BM 400LS үлгісіндегі бұрғылау-шнек машинасы (Германия) пайдаланылады, ол мыналардан тұрады:

- (рамаға) монтаждalған машинасы бар рамадан;
- күш агрегатынан (гидростанциядан).

Жабдықты монтаждау және бұзу; штангаларды, шнектермен футляр тізбектерін беру, бұрғыланған топырақ салынған контейнерлерді көтеру және түсіру жүк көтергіштігі 10 тонна болатын автомобиль кранын пайдалана отырып жүзеге асырылады.

BM 400LS үлгісіндегі бұрғылау-шнек қондырғысының негізгі сипаттамалары 1-кестеде келтірілген.


1-кесте - BM 400LS үлгісіндегі бұрғылау-шнек қондырғысының негізгі техникалық сипаттамалары

Атауы	Мәні
Қысым (ең жоғ.), бар	320
Поршень жүрісі, мм	600
Итеру күші, кН	1500
Тарту күші, кН	500
Редуктор қозғалысының жүрісі, мм	250
Редуктор қозғалысының күші, кН	250
Жетектің алты қырлы бейімдегіші, мм	80
Айналдырғыш зат, Нм	20000
Жылдамдығы, айн/мин	18/72
Итеру рамасының ұзындығы, м	1,62
Итеру рамасының ені, м	1,50
Қондырғының салмағы, кг	2900
Қондырғының ұзындығы, м	2,27*
	* құбырдың ұзындығын қосу керек (м)
Старт шахтасының ені (ең төм.), м	2,0
Қондырғы білігінің биіктігі, мм	700
Сыртқы диаметрі (ең жоғ.), мм	900
Күш агрегаты (гидростанция)	НД50
Қозғалтқыш түрі	Дизель
Қуаты, кВт	50
Ағыс жылдамдығы, (л/мин)/(бар)	132/160
Май бағының сыйымдылығы, л	230
Дизель отынына арналған бактың сыйымдылығы, л	90
Ұзындығы м	2,0
Ені, м	1,0
Биіктігі, м	1,5
Салмағы, кг	1300

BM 400LS үлгісіндегі бұрғылау-шнек машинасының жалпы сипаты 3-суретте келтірілген.

4.4 Міндетті түрде сертификатталуға тиіс материалдарда сәйкестік сертификаты болуға тиіс.

Қолданылу тәжірибесі және республика аумағында қолданылатын нормативтік-техникалық құжаттары жоқ импортталатын құрылыс материалдары мен бұйымдардың Сәйкестік сертификаты болуға тиіс.



- 1 – қондырғының бағыттауыш рамасы;
 2 – бұрғылау-шнек машинасының итергіш рамасы;
 2 – бұрғылау-шнек машинасы

3-сурет – BM 400LS үлгісіндегі бұрғылау-шнек машинасының жалпы сипаты

5 Жұмыстар өндірісін ұйымдастыру және оның технологиясы

5.1 Жұмыстар өндірісін ұйымдастыру

5.1.1 Бұрғылау-шнек қондырғысымен болат футлярларды траншеясыз төсеу жөніндегі жұмыстар басталғанға дейін мыналарды орындау қажет:

- жұмыстарды жауапты жүргізушіні тағайындау;
- қауіптілігі жоғары жұмыстарды жүргізуге тиісінше ресімделген наряд-рұқсат;
- жерасты жұмыстарын жүргізуге тиісті рұқсаттар мен келісімдерді ресімдеу және алу;
- қауіпсіздік техникасы, еңбекті қорғау, электр және өрт қауіпсіздігі жөнінде нұсқау өткізуді тірек журналына қол қойғызып, жұмысшыларға мақсатты нұсқау беруді жүргізу;
- ПОС, ППР жұмысшыларын осы технологиялық картамен таныстырып, қолдарын қойғызу;
- жұмысшыларды арнайы киім-кешекпен, қорғаныш каскаларымен және басқа да жеке қорғау құралдарымен қамтамасыз ету;
- ҚР ҚНЖЕ 1.03-05, ҚР ҚНЖЕ 1.03-06, ПОС және ППР талаптарына сәйкес жұмыстар жүргізілетін учаскелер мен жұмыс орындарын ұйымдастыруды орындау (құрылыс алаңы мен жұмыстар орындалатын учаскелерді қоршау, құрылыс машиналары

мен механизмдерін орналастыру үшін алаңдар дайындау, материалдар мен бұйымдарды жинақтау алаңдарын дайындау және т.б.);

- ППР-ға сәйкес құрылыс және жүк көтеру машиналары орналастырылатын жерлерді, олар жұмыс істейтін аймақтар мен қауіпті аймақтарды белгілеу;

- жерасты коммуникацияларын иеленуші ұйымдардың өкілдерімен осындай коммуникациялар жұмыстар жүргізілетін аймақтарда болған жағдайда олардың жоспарлары мен бейіндерін нақтылау. Коммуникацияларды сақтау жөніндегі арнайы іс-шараларсыз жұмыстар жүргізуге тыйым салынады.

- уақытша және тұрақты жол төсеу;

- уақытша электрмен жарықтандыруды орнату жөніндегі жұмыстарды орындау;

- механизмдерді, керек-жарақтарды, құралдар мен саймандарды объектіге әкелу және пайдалануға дайындау;

- объектіге қажетті құрылыс материалдарын талап етілетін көлемде жеткізу және оларды жинауды ұйымдастыру;

- екі шұңқыр қазу (бастапқы және қабылдаушы), оларды бекіту мен қоршауды орындау (ҚНжЕ 3.02.01 сәйкес). Бұрғылау-шнек қондырғысын монтаждау үшін негіз дайындау және тірек конструкциясын монтаждау;

- белгіленген тәртіппен шұңқырлар мен бұрғылау-шнек қондырғысын орнатуға арналған негіздерді актімен қабылдау.

5.1.2 Болат футлярларды бұрғылау-шнек машиналарымен траншеясыз төсеу жөніндегі жұмыстарды мынадай құрамдағы бригада орындайды:

- итеру және топырақты тігінен бұрғылау жөніндегі қондырғының 6-разрядты машинисі (ҚМ) - 1 адам;

- итеру және топырақты тігінен бұрғылау жөніндегі қондырғы машинисінің 5-разрядты көмекшісі (ҚМК) - 1 адам (куаты 50 кВт дизель жетегі бар күш агрегатының (гидростанцияның) машинисі силового);

- сыртқы құбыржолдардың 5-разрядты монтаждаушысы (М1) - 1 адам;

- сыртқы құбыржолдардың 4-разрядты монтаждаушысы (М2) - 1 адам;

- сыртқы құбыржолдардың 3-разрядты монтаждаушысы (М3) - 1 адам.

Жұмыстар кешеніне мыналар қатысады:

- жүк көтергіштігі 10 т автомобиль кранының 5-разрядты машинисі (КМ) - 1 адам;

- қол еңбегімен дәнекерлейтін 4-разрядты электрмен дәнекерлеуші (Э) - 1 адам.

Сыртқы құбыржолдар монтаждаушыларының мамандығы 2-разрядтан төмен емес такелаждаушы аралас мамандығы болуға тиіс.

Болат футлярларды бұрғылау-шнек машиналарымен траншеясыз төсеу жөніндегі жұмыстарды жүргізу кезінде жұмыс орындарын ұйымдастыру схемасы 4-суретте келтірілген.

5.2 Жұмыстарды жүргізу технологиясы

Болат футлярларды бұрғылау-шнек машиналарымен траншеясыз төсеу жөніндегі жұмыстар мынадай технологиялық жүйелілікпен орындалады:

а) дайындық жұмыстары;

б) негізгі жұмыстар:

- жабдықты монтаждау;

- пилоттық бұрғылау;

- ВМ 400LS үлгісіндегі бұрғылау-шнек қондырғысымен болат футлярларды төсеу;


- шнек колоннасын бұзу;

- жабдықты бұзу;

в) қорытынды жұмыстар.

5.2.1 Дайындық жұмыстары

Жұмыстарды жүргізу басталғанға дейін жұмысшылар шеберден (прорабтан) жұмыстарды жүргізу және оларды қауіпсіз орындау тәртібі туралы тапсырма, нұсқау алады, жобаның жұмыс сызбаларымен, ПОС, ППР-мен және осы технологиялық картамен қол қойып, танысады. Құралдар, керек-жарақтар мен материалдар, сондай-ақ жеке қорғау құралдарын алады.



Бұрғылау траекториясы, ҚМК, ҚМ, ҚМ

- 1 – құбырлардың сегменттерін шнектермен жинау орындары;
- 2 – шұңқырға түсіруге (көтеруге) арналған саты;
- 3 – тірек конструкциясы (плитасы);
- 4 – шпунтты қоршауы бар бастапқы шұңқыр;
- 5 – күш агрегаты (гидростанциясы);
- 6 – бұрғылау штангасы;
- 7 – тірек конструкциясы;
- 8 – шпунтты қоршауы бар қабылдаушы шұңқыр;
- 9 – бұрғылау штангаларының қоймасы;
- 10 – автомобиль краны;
- 11 – бұрғылау-шнек қондырғысы

M1 – M2 - сыртқы құбыржолдар монтаждаушыларының жұмыс орындары;

ҚМ - бұрғылау-шнек қондырғысы машинисінің жұмыс орны;

ҚМК - бұрғылау-шнек қондырғысының машинисі көмекшісінің жұмыс орны;

ҚМ - кран машинисінің жұмыс орны

4-сурет - Болат футлярларды бұрғылау-шнек машиналарымен траншеясыз төсеу жөніндегі жұмыстарды жүргізу кезінде жұмыс орындарын ұйымдастыру схемасы (пилоттық бұрғылауды орындау кезінде)

5.2.2 Негізгі жұмыстар

Болат футлярларды бұрғылау-шнек машиналарымен траншеясыз төсеу жөніндегі жұмыстар мынадай технологиялық жүйелілікпен орындалады:

- жабдықты монтаждау;

- пилоттық бұрғылау;
- BM 400LS үлгісіндегі бұрғылау-шнек қондырғысымен болат футлярды төсеу;
- шнек колоннасын бұзу;
- жабдықты бұзу.

5.2.2.1 Жабдықты монтаждау

Автомобиль кранының көмегімен бастапқы шұңқырға бұрғылау-шнек машинасымен бағыттауыш раманы түсіру және орнату жүзеге асырылады. Бұрғылау-шнек машинасымен раманы орнатудың көлденең болуы мен дұрыстығы белгілер бойынша деңгейдің, нивелир тік деңгейдің көмегімен жұмыстарды орындау процесінде бақыланады. Машинамен раманы монтаждау процесі аяқталған соң жабдықты түсіру және орнату орындалады:

- күш агрегаты (бастапқы шұңқырға тікелей жақын);
- бұрғылау штангалары бар контейнер (қабылдаушы шұңқырда түсіру, беру және орнату);
- футляр тізбектері (ішінде шнектері бар) – бастапқы шұңқырға тікелей жақын;
- кәбілдер мен шлангілер.

Жабдықтарды орналастырғаннан кейін күш агрегаты (гидростанция) кәбілдер мен шлангілердің көмегімен бастапқы шұңқырға орнатылған бұрғылау-шнек машинасына қосылады. Өлшеу жабдығын орнату және ретке келтіру жүзеге асырылады (монитор, теодолит және жарық-диод нысанасы).

5.2.2.2 Пилоттық бұрғылау

Пилоттық бұрғылау процесі жұмыстардың мынадай құрамынан тұрады:

- бұрғылау-шнек қондырғысының бағыттаушы рамасына бұрғылау басы бар бірінші (пилоттық) штанганы орнату, оның жағдайын тексеру және қондырғының айналдырғышына бекіту. Бірінші штанганы (айналдыра отырып) итеру;
- екінші бұрғылау штангасының ойма қосылысын майлап тазарту. Штанганы бұрғылау-шнек қондырғысының бағыттаушы рамасына орнату. Штанганы айналдырғышқа бекіту. Бірінші және екінші бұрғылау штангаларын қосу. Екінші штанганы (айналдыра отырып) итеру.

Үшінші және одан кейінгі штангалар да осылайша орнатылып, итеріледі. Процесс пилоттық штанга қабылдаушы шұңқырдан шыққанға дейін қайталаанады.

Пилоттық бұрғылау бағдарлау тәсілімен жүргізіледі. Бұрғылау штангаларын өсіру процесінде ұңғыма діңінің таректориясын бақылау жүргізіледі. Пилоттық ұңғыма траекториясы жарық-диод машинасының (пилоттық штангаға бекітілген бұрғылау басына орнатылған), теодолит пен монитордың көмегімен қадағаланады. Теодолит жарық-диод нысанасының жағдайын үнемі қадағалап отыруға мүмкіндік береді. Егер монитормда талап етілетін бағыттан ауытқу байқалса, оны беті қиғаш бұрғылау басының көмегімен түзетуге болады.

Бұрғылау-шнек қондырғысының бағыттауыш рамасына бұрғылау штангаларын беру және орнату қолмен жүзеге асырылады.

5.2.2.3 BM 400LS үлгісіндегі бұрғылау-шнек қондырғысының болат футлярын төсеу

Болат футляр төсеу процесі мынадай технологиялық жүйелілікпен жүзеге асырылады:

- автомобиль кранының көмегімен арқандау, беру және бағыттауыш рама, қазылып алынатын топырақты жинауға арналған контейнер элементтерінің арасына орнату;
- автомобиль кранының көмегімен шнек орнатылған футлярдың алғашқы тізбегін (шнек алдын ала тізбектің ішіне орнатылады) арқандау, беру және оны бұрғылау-шнек қондырғысының бағыттауыш рамасына орнату. Бұрғылай (шнектің көмегімен топырақты қаза) отырып, футляр тізбегін итеру;

- бұрғылау-шнек машинасының итеру рамасын бастапқы жағдайға келтіру;
- қазылған топырақ салынған контейнерді арқандау, оны автомобиль кранының көмегімен жер бетіне шығару, топырақты контейнерден үйіндіге (өздігінен түсіргішке) түсіру. Контейнерді бастапқы шұңқырға түсіру және оны бұрғылау-шнек машинасы элементтерінің арасына орнату;
- автомобиль кранының көмегімен шнек орнатылған футлярдың екінші тізбегін арқандау, беру және оны бұрғылау-шнек қондырғысының бағыттауыш рамасына орнату. Шнекті тізбекті (қабыстыра қосу арқылы) алғашқы тізбекке бекіту;
- футлярдың алғашқы және екінші тізбектерін түйістіру, олардың жағдайын тексеру. Электрмен дәнекерлеу арқылы тізбектердің түйіскен жерлерін уақытша бекіту, арқанды шешу. Футляр тізбектерінің түйіскен жерлерін дәнекерлеу;
- қабылдаушы шұңқырда бұрғылау штангасын бұзу;
- футлярдың екінші тізбегін бұрғылай (шнектің көмегімен топырақты қаза) отырып, футляр тізбегін итеру.

Футлярдың алғашқы тізбегі қабылдаушы шұңқырдан шыққанға дейін футлярдың үшінші және одан кейінгі тізбектерін бұрғылай (шнектің көмегімен топырақты қаза) отырып итеру осындай жүйелілікпен жүзеге асырылады.

5.2.2.3 Шнек колоннасын бұзу

Жоғарыда көрсетілген жұмыстар аяқталған соң шнек колоннасын бұзу жүзеге асырылады, ол мынадай жүйелілікпен орындалады:

- бұрғылау-шнек қондырғысының айналдырғышына соңғы шнекті тізбекті бекіту;
- шнекті тізбекті бастапқы шұңқырға шығарып, бұрғылау-шнек қондырғысының итеру рамасының кері жүрісі;
- шнекті тізбекті шнек колоннасынан ажырату және оны автомобиль кранының көмегімен жер бетіне көтеру.

Операциялардың келтірілген циклі шнек колоннасы элементтерінің (тізбектерінің) барлығы бастапқы шұңқырға шығарылғанға дейін орындалады.

Бұрғылау-шнек қондырғысымен болат футлярды траншеясыз төсеу процесінің негізгі кезеңдері 5-суретте келтірілген.

5.2.2.4 Жабдықты бұзу

Болат футлярды төсеу жөніндегі жұмыстар аяқталған соң жабдықты бұзу орындалады:

- кір-қоқыстан тазарту және бұрғылау-шнек қондырғысын күш агрегатынан ажырату;



5-сурет (жалғасы)



- а – бұрғылай (шнектің көмегімен топырақты қаза) отырып, футляр тізбегін итеру;
- б – бұрғылау-шнек машинасының итеру рамасын бастапқы жағдайға келтіру;
- в – футляр тізбегін (ішіне шнекті тізбек орнатылған) бастапқы шұңқырға беру;
- г – футляр тізбегін (ішіне шнекті тізбек орнатылған) бұрғылау-шнек қондырғысының бағыттауыш рамасына орнату;
- д – футляр тізбектерін бастапқы шұңқырда дәнекерлеу

5-сурет - Бұрғылау-шнек қондырғысымен болат футлярды траншеясыз төсеу процесінің негізгі кезеңдері

- автомобиль кранының көмегімен рамасы бар бұрғылау-шнек қондырғысын бұзу, содан соң оны көлік құралына тиеу;
- күш агрегатын (гидравликалық станцияны) көлік құралына тиеу;
- өлшеу жабдығын бұзу;
- бұрғылау штангалары салынған контейнерді бастапқы шұңқырдан көтеру және көлік құралына тиеу;
- шнекті тізбектерді көлік құралына тиеу.

5.2.3 Қорытынды жұмыстар

Жұмыстарды орындап болған соң жұмысшылар жұмыс орындарын жинайды, құралдар мен механизмдерді қорек көзінен ажыратады, құралдарды, керек-жарақтар мен пайдаланылмаған материалдарды қоймаға тапсырады.

5.3 Жұмыстарды қысқы уақытта жүргізу

Дәнекерленетін жерлер мен дәнекерлеушінің жұмыс орнын дауылдан, желдің өтінен, жаңбыр мен қардан қалқалармен қорғау қажет. Сырттағы ауа температурасы -15°C және одан төмен болған кезде дәнекерлеушінің жұмыс орнына таяу маңда қол жылытуға арналған құрылғы қою ұсынылады.

Жергілікті қалға орнатылған соң, құбырлардың түйіскен жерлерін дәнекерлеуге дайындайды. Құбырлардың бетін қардан тазартып, кептіреді.

Қысып, дәнекерлеуден бұрын өтпе желді болдырмау және түйіскен жердің тез суып кетуіне жол бермеу үшін құбыржолдардың ұштарын бітеу қажет.

Құбыржолдардың элементтерін қысып, дәнекерлеуді жүргізуге болатын ең төменгі ауа температурасы болат маркасына байланысты қабылданады.

Дәнекерлеу материалдары (электродтар) маркалары мен лектеріне қарай жылы әрі құрғақ үй-жайда бөлек-бөлек сақталуға тиіс.

Жұмыс істеу үшін электродтар жұмыс орнына техникалық шарттар мен паспорттарда көрсетілген режимдерде алдын ала қыздырылып, кептіріліп, дәнекерлеу орнына бір ауысымның жұмысы үшін қажетті көлемде ғана беріледі. Жұмыс орнында дәнекерлеу материалдарын дымқылдануды болдырмайтын жағдайларда сақтау қажет. Электродтарды сақтау үшін термопеналдарды (электрмен жылытылатын пеналдар) пайдаланған неғұрлым пайдалы, олар тікелей дәнекерлеу көзіне қосылады.

Ылғалды суық топырақтың және қардың, сондай-ақ суық металдың тиюінен қорғау үшін дәнекерлеушілер жанбайтын материалдардан жасалған төсеніштермен, икемді қабаты бар отқа төзімді материалдардан жасалған тізеқаптармен және шынтаққаптармен қамтамасыз етілуге тиіс.

Дәнекерлеушінің қалыпты жұмыс істеуі үшін қалқаның ішіне жалпыға бірдей қабылданған санитариялық нормаларға сәйкес ауа алмастырғыш желдеткіш орнатылады. Қалқаның іші арнайы шамдармен немесе қолға ұстап жүретін кернеуі 12 Вт аспайтын шамдармен жарықтандырылады.

Қалқалар мен шатырларды ашық отты қолдануды болдырмайтын кез келген тәсілмен жылытуға болады.

5.4 Бұрғылау-шнек қондырғысымен болат футлярды траншеясыз төсеу жөніндегі жұмыстар өндірісінің операциялық картасы 2-кестеде келтірілген.

2-кесте - Бұрғылау-шнек қондырғысымен болат футлярды траншеясыз төсеу жөніндегі жұмыстар өндірісінің операциялық картасы

Операцияның атауы	Технологиялық қамтамасыз ету құралдары (технологиялық жарақтар, құралдар, керек-жарақ, аспаптар), машиналар, механизмдер мен жабдық	Орындаушы	Операцияның сипаты
1	2	3	4
Дайындық жұмыстары			
Дайындық жұмыстары	-	Қондырғының 6-разрядты машинисі (ҚМ), Қондырғы машинисінің 5-разрядты көмекшісі (ҚМК); 5-разрядты монтаждаушы (М1), 4-разрядты монтаждаушы (М2), 3-разрядты монтаждаушы (М3), 4-разрядты электрмен дәнекерлеуші (Э), 5-разрядты кран машинисі (КМ)	Жұмысшылар техникалық персоналдан нұсқау алады, жобаның жұмыс сызбаларымен, ПОС, ППР-мен және осы технологиялық картамен танысады, құралдарды, керек-жарақтар мен материалдарды қоймадан алады да олардың жарамдылығын тексереді, қажет болған жағдайда оларды ауыстырады

2-кесте (жалғасы)

1	2	3	4
Негізгі жұмыстар			
Жабдықты монтаждау	Ж/к 10 т автомобиль краны, арқандар, тартқыштар, нивелир, тіктеуіш, құрылыста пайдаланылатын деңгей, рулетка	ҚМ, ҚМК, М1, М2, М3, КМ,	<p>М1, М2 және М3 КМ-мен бірге автомобиль кранының көмегімен бұрғылау-шнек машинасымен бағыттаушы раманы бастапқы шұңқырға түсіріп, орннтауды жүзеге асырады (М1, М2 және М3 бұрғылау-шнек машинасымен бағыттаушы раманы арқандауды жүзеге асырады, КМ оны жылжытып, бастапқы шұңқырға береді, М1, М2 және М3 бұрғылау-шнек машинасымен раманы қабылдап, орнатады, теңестіруді жүзеге асырады (деңгейді, тіктеуішті және нивелирді пайдалана отырып), арқанды шешуді орындайды). М1, М2 және М3 КМ-мен бірге жабдықты түсіріп, орнатуды жүзеге асырады (күш агрегатын, бұрғылау штангалары бар контейнерді, футляр тізбектерін, кәбілдер мен шлангаларды), М2 күш агрегатын (гидростанцияны) және шлангаларды кәбілдердің көмегімен бастапқы шұңқырға орнатылған бұрғылау-шнек қондырғысына қосады. М1 және М3 өлшеу жабдығын орнатып, ретке келтіреді (монитор, теодолит және жарық-диод нысанасы).</p> <p>ҚМ және ҚМК күш агрегатының қозғалтқышын іске қосады, бұрғылау-шнек машинасының барлық тораптарының жұмысын тексереді</p>

2-кесте (жалғасы)

1	2	3	4
Пилоттық бұрғылау	Бұрғылау-шнек қондырғысы, слесарь құралдарының жинағы, өлшеу жабдығы	М2, М3, ҚМ, ҚМК	М2 және М3 бұрғылау басы бар алғашқы (пилоттық) штанганы бұрғылау-шнек қондырғысының бағыттауыш рамасына орнатады, оның орналасуын тексеруді жүзеге асырады және ҚМ-мен бірге қондырғының айналдырғышына орнатады. ҚМ алғашқы штанганы итеруді (айналдыра отырып) жүзеге асырады. ҚМК күш агрегатына қызмет көрсетумен айналысады. М2 және М3 екінші бұрғылау штангасының резьбалық қосылысын тазартып, майлайды. М2 және М3 штанганы бұрғылау-шнек қондырғысының бағыттауыш рамасына орнатады және ҚМ-мен бірге штанганы қондырғының айналдырғышына орнатады. ҚМ бірінші және екінші штангаларды қосып, екінші штанганы итеруді жүзеге асырады. М2 және М3 келесі штангаларды монтажға дайындайды. Осылайша, алғашқы штанга қабылдаушы шұңқырдан шыққанға дейін 26 штанганы итеру жолымаен пилоттық бұрғылауды жүзеге асыру. Жұмыстарды орындау процесінде ҚМ бұрғылау траекториясын бақылап, оны өлшеу жабдығының мониторы арқылы қадағалап отырады. ҚМ пилоттық штанганың көмегімен бұрғылау колоннасының жағдайын түзетуді жүзеге асырады (колоннаны қажетті бұрышқа бұру жолымен)

2-кесте (жалғасы)

1	2	3	4
<p>BM 400LS үлгісіндегі бұрғылау-шнек қондырығысымен болат футлярды төсеу</p>	<p>Автомобиль краны, бұрғылау-шнек қондырығысы дәнекерлеу агрегаты, арқандар, қысқыш, рулетка, дәнекерлеуші құралының нормалы жинағы, тарқыштар</p>	<p>M2, M3, KM, ҚМ, ҚМК, Э</p>	<p>M2 және M3 қысқыштың көмегімен футляр тізбегін (ішінде шнекті тізбек бар) арқандауды жүзеге асырады. M2 бастапқы шұңқырға орын ауыстырады. KM автомобиль кранының көмегімен шнегі бар футляр тізбегін бастапқы шұңқырға береді. M2 және ҚМ тізбекті қабылдап алады, M3 шұңқырға түсіп, M2-мен бірге оны бұрғылау-шнек қондырығысының бағыттаушы рамасына орнатады. M2 және M3 шнекті тізбекті алдыңғы шнекті тізбекке (соңғы бұрғылау штангасына) бекітеді (болтпен қосып бекіту арқылы). M2, M3 және ҚМ футляр тізбектерін түйістіруді жүзеге асырады. Э электрмен дәнекерлеу арқылы футляр тізбектерінің түйіскен тұстарын дәнекерлеуді жүзеге асырады. M2 және M3 бастапқы шұңқырға орын ауыстырып, арнайы слесарь жабдығын (құбыр кілттерін) пайдалана отырып бұрғылау штангасын демонтаждайды. ҚМ бұрғылау арқылы (шнектің көмегімен топырақты шығара отырып) футляр тізбегін итеруді жүзеге асырады, содан кейін бұрғылау-шнек машинасының итеру рамасын бастапқы қалпына келтіреді. M2 және M3 қазылған топырақ салынған контейнерді арқандауды жүзеге асырып, KM оны автомобиль кранының көмегімен жер бетіне көтеріп шығарады. M2 және M3 шұңқырдан шығып, топырақты контейнерден үйіндіге (өздігінен төккіш) түсіруді жүзеге асырады. KM контейнерді бастапқы шұңқырға түсіруді жүзеге асырады, M2 және M3 контейнерді қабылдап алады және оны бұрғылау-шнек машинасының бағыттауыш рамасы элементтерінің арасына орнатады. Осылайша, бірінші тізбек қабылдаушы шұңқырдан шыққанға дейін шнек жабдығының көмегімен топырақты қаза отырып, болат футляр тізбектерін итеру жүзеге асырылады</p>

2-кесте (жалғасы)

1	2	3	4
Шнек колоннасын бұзу	Автомобиль краны, бұрғылау-шнек қондырығысы, арқандар, тарқыштар	М1, М2, М3, ҚМ, ҚМК, КМ	М1 және М2 бұрғылау-шнек қондырығысының айналдырғышына соңғы шнекті тізбекті бекітеді. ҚМ бұрғылау-шнек қондырығысының итеру рамасын кері жүргізуді орындайды, шнекті тізбекті бастапқы шұңқырға шығарады. М1 және М2 шнекті тізбекті шнек колоннасынан ажыратады, оны арқандап, автомобиль кранының көмегімен жер бетіне көтеруді жүзеге асырады. М3 арқанды шешуді жүзеге асырады да бұзып алынған шнекті тізбекті жинайды
Демонтаж оборудования	Автомобиль краны, арқандар, тарқыштар, слесарь құралдарының жинағы	М1, М2, М3, КМ	М1 бұрғылау-шнек машинасын күш агрегатынан ажыратады. М2 және М3 рамасы бар бұрғылау-шнек қондырығысын арқандауды жүзеге асырады. КМ автомобиль кранының көмегімен рамасы бар бұрғылау-шнек машинасын көтеріп, шұңқырдан шығарып алады. М2 және М3 орны ауыстырылатын жабдықты тартқыштардың көмегімен сүйемелдейді. М1, М2 және М3 бастапқы шұңқардан шығып, жабдықты қабылдап алады да оны көлік құралына орналастырып, сол жерде оның арқанын шешеді. М2 және М3 күш агрегатын (гидравликалық станцияны) автомобиль кранының көмегімен көлік құралына тиеуді жүзеге асырады, КМ автомобиль кранын басқарады. М2 және М3 автомобиль кранының көмегімен шнекті тізбектерді көлік құралына тиеуді жүзеге асырады. М2 және М3 автомобиль кранымен бірге бастапқы шұңқырға орын ауыстырып, сол жерден бұрғылау штангалары салынған контейнерлерді көлік құралына орналастырады. Кранды КМ басқарады. М1 өлшеу жабдығын бұзып алады.

6 Материалдық техникалық ресурстардың қажеттілігі

6.1 Бұрғылау-шнек қондырғысымен 630 мм диаметрлі болат футлярларды траншеясыз орнату бойынша жұмыстарының өндірісі кезінде қолданылатын материалдар мен бұйымдардың қажеттілігінің ведомості 3-кестеде көрсетілген.

3-кесте - Бұрғылау-шнек қондырғысымен 630 мм диаметрлі болат футлярларды траншеясыз орнату бойынша жұмыстарының өндірісі кезінде қолданылатын материалдар мен бұйымдардың қажеттілігінің ведомості

Жұмыс көлемі - 10 м

р/с №	Материалдың, бұйымның атауы	НТҚ атауы мен белгіленуі	Өлшем бірлігі	Саны
1	Болат құбырлар	10706 МСТ	м	10,08
2	Электродтар	-	кг	2,4

6.2 Машиналардың, механизмдердің, жабдықтардың, технологиялық жабдықтардың, сайманның, мүкәммалдың және құралдардың тізімі 4-кестеде көрсетілген.

4-кесте - Машиналардың, механизмдердің, жабдықтардың, технологиялық жабдықтардың, сайманның, мүкәммалдың және құралдардың тізімі

тізбекке - 6 адам

р/с №	Атауы	Тағайындалуы	Негізгі техникалық сипаттамасы	Тізбекке (бригадаға) саны, дана
1	Автомобильді кран	Жабдықты түсіру, монтаждау, демонтаждау, беру, тиеу	Жүк көтерімділігі 10 т	1
2	Бұрғылау-шнек қондырғысы (бағыттайтын рамамен және күш агрегатымен және топыраққа арналған контейнермен бір жинақта)	Болат футлярларын траншеясыз орнату	Жаншу күшейткіші 1500 кН	1
3	Дизельмен іске қосылатын дәнекерлейтін агрегат	Футлярдың тізбектерінің жапсарларын дәнекерлеу	ППР сәйкес	
4	Жылжымалы электр станциясы	Жабдықтарды электр тоқ көзіне қосу	-	1

4-кесте (жалғасы)

тізбекке - 6 адам

р/с №	Атауы	Тағайындалуы	Негізгі техникалық сипаттамасы	Тізбекке (бригадаға) саны, дана
5	Өлшеуші жабдықтардың жиыны(нивелир, жарықдиодты нысана, монитор)	Пилоттық бұрғылау кезінде траекторияны бақылау	-	Жинақ
6	Электродтарды қыздыруға арналған электрлі пеш	Электродтарды қыздыру	T=350 °C-тан 400°C дейін	1
7	Термосауыт	Электродтарды сақтау	-	1
8	Қуыс бұрғы	Саңылауларды өлшеу	-	1
9	Металлды щетка	Бұрғының штангаларын тазалау, жапсарды дәнекерлеуге даярлау	-	2
10	Балға-қол балта	Дәнекерленген тігісті қаққылау	-	2
11	Дәнекерлеушінің саймандарының қалыпты жинағы	Дәнекерлеу жұмыстарын атқару	-	Жинақ
12	Төрт тармақты арқан	Жабдықтар мен құбырларды арқандау	ППР сәйкес	1
13	Екі тармақты арқан	Жабдықтар мен құбырларды арқандау	ППР сәйкес	1
14	Құбырларға арналған қармау	Футлярдың тізбектерін арқандау	ППР сәйкес	1
15	Деңгей өлшегіш	Машина мен раманы монтаждаған кезде жазықтықты бақылауды орындау	-	1
16	Нивелир және нивелирлі рейка	Таңбаларды бақылау	-	1
17	Тартқыштар	Жабдықты арқандау	Ұзындығы 25 м	2
18	Күректер	Топырақты жинау	-	2
19	Саты	Шұңқырға түсу	Ұзындығы ППР бойынша	2
20	Дәнекерлеуші сайманның жинағы	Жабдықты монтаждау, шнекті бағананың тізбектерін бекіту (демонтаждау)	-	Жинақ

4-кесте (жалғасы)

тізбекке - 6 адам

p/c №	Атауы	Тағайындалуы	Негізгі техникалық сипаттамасы	Тізбекке (бригадаға) саны, дана
21	Болат тіктеуіш	Тіктікті бақылау	-	1
22	Металл өлшеу рулеткасы	Өлшеу жұмыстары	Өлшеу диапазоны 0 мм-ден 10000 мм-ге дейін, бөлу бағасы 1 мм	1
23	Бетті қорғау қалқаншасы	Жеке қорғану құралы	-	1
24	Қорғану көзілдірігі	Жеке қорғану құралы		2
25	Қорғану каскасы	Жеке қорғану құралы	-	6
26	Қорғану қолғаптары	Жеке қорғану құралы	-	6
27	Комбинезондар	Жеке қорғану құралы		6
28	Газ-электр дәнекерлеушінің қорғану костюмі	Жеке қорғану құралы	-	1
29	Арнайы аяқ киім	Жеке қорғану құралы	-	6
30	Жұмыс орнын қоршаулар	Қорғану құралы	-	ППР сәйкес
31	Сактандыратын белгілер мен жазбалар	Қорғану құралы	-	Жинақ
32	Өрт сөндіргіш	Өрт сөндіру құралы	-	1
33	Дәрі қобдишасы	Алғашқы медициналық көмек көрсету	-	1

7 Жұмыстың сапасына қойылатын талаптар

Бұрғылау-шнек қондырғысымен болат футлярды траншеясыз орнату бойынша жұмыстарының сапасына қойылатын талаптар технологиялық процесті бақылау картасында көрсетілген (5-кесте).

5-кесте – Технологиялық процестерді бақылау картасы

Бақылау объектісі (технологиялық процесс)	Бақыланатын параметр			Бақылау орны (сынауды тандау)	Бақылаудың кезеңділігі	Бақылауды немесе сынауды өткізуді орын-даушы	Бақылау тәсілі, НҚ белгіленуі	Өлшеу, сынау құралдары		Бақылаудың нәтижелерін ресімдеу
	Атауы	Белгіленетін мағына	Шекті ауытқу					Түрі, маркасы, НҚ белгіленуі	Өлшеулердің диапазоны, ағаттық, дәлдік классы	
Кірістік бақылау										
Болат құбырлар (10706 МСТ)	Маркасы Диаметрі, мм	Жоба бойынша	Жіберілмейді	Жинақтау алаңы	Жаппай	Шебер (прораб)	Көзбен шолу	Сапа туралы құжат, жеткізушінің паспорты		Кірістік бақылау журналы
Электродтар	Сондай	Сондай	Сондай	Сондай	Сондай	Сондай	Сондай	Сондай		Сондай
Операциялық бақылау										
Болат футлярды траншеясыз орнату	Бағыттағыш раманы орнату	Жоба бойынша	Жіберілмейді	Жұмыс өндірісінің учаскесі	Жаппай	Шебер (прораб)	Өлшеу (26433.2 МСТ)	Тіктеуіш Арқан	-	Жұмыстардың жалпы журналы

5-кесте (жалғасы)

Бақылау объектісі (технологиялық процесс)	Бақыланатын параметр			Бақылау орны (сынауды тандау)	Бақылаудың кезеңділігі	Бақылауды немесе сынауды өткізуді орындаушы	Бақылау тәсілі, НҚ белгіленуі	Өлшеу, сынау құралдары		Бақылаудың нәтижелерін ресімдеу
	Атауы	Белгіленетін мағына	Шекті ауытқу					Түрі, маркасы, НҚ белгіленуі	Өлшеулердің диапазоны, ағаттық, дәлдік классы	
Болат футлярды траншеясыз орнату	Футлярдың тізбектерінің жиектерін дәнекерлеуге даярлау	Жоба бойынша	Таттанулар, кір, қабыршақтанудың болуы жіберілмейді	Жұмыс өндірісінің учаскесі	Жаппай	Шебер (прораб)	Көзбен шолу	-	-	Жұмыстардың жалпы журналы
	Пилоттық бұрғылау кезінде бұрғылау траекториясы	Сондай	Жоба бойынша	Сондай	Сондай	Сондай	Өлшеу, көзбен шолу	Өлшеу жабдықтарының жиыны (жарықдиодты нысана, теодолит, монитор)	-	Сондай
